

Диссертациялық кеңестің жұмысы туралы есеп

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300», «8D02206 –Тарих», «6D020800», «8D02205 - Археология және этнология» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңес мамандықтары (кадрларды даярлау бағыты) бойынша диссертациялық кеңесі

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. Өткізілген отырыстар саны туралы деректер: 3
2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кемінде қатысқан кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда).

Диссертациялық кеңестің барлық мүшелері – 10 адам, олардың ішінде 5 адам (50%) диссертациялық кеңестің тұрақты мүшелері және 5 адам (50%) докторлық зерттеу тақырыбына байланысты докторанттың қорғау кезеңіне уақытша тағайындалды.

Диссертациялық кеңестің тұрақты мүшесі, профессор Ерекешева Лаура Гибратовна техникалық себептерге байланысты кеңестің 1 отырысына қатыспады (27.10.2022 ж.).

3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.

№	Докторанттардың ТАӘ	Ғылыми жетекшілері	Докторант оқыған, ЖОО
1	Тоқсанбаев Алмас Коргаджанович	Ноғайбаева М.С. т.ғ.к., доцент, қауымдастырылған профессор әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Тарих факультетінің деканы. (Алматы қ., Қазақстан) Оджал Мехмет Огуз - тарих ғылымдарының докторы, Хаджи Байрам Велли университетінің профессоры (Анкара қ., Түркия).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
2	Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевна	1.Қалшабаева Бибизия Кенжебековна- әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих факультетінің қауымдастырылған профессорының м.а. т.ғ.д. 2.Александр С. Динер – Канзас университетінің	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

		қауымдастырылған профессоры, PhD (АҚШ).	
Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызы	1. Нуртазина Назира Дауытбековна – тарих ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, 2. Сейфі Иылдырым тарих ғылымдарының докторы, Хажеттепе университетінің профессоры (Анкара қ., Түркия)	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	
Айтбаева Айгерим Есимкановна	1. Омаров Ғани Қалиқанұлы – тарих ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Тарих факультеті аға оқытушысы 2. Кан Ин Ук – Ph.D доктор, Кенхи университеті Гуманитарлық колледжінің профессоры, Корей археологиясы және ежелгі тарихы Институтының директоры (Корей Республикасы)	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	
Ержанова Альбина Ергешбаевна	1. Самашев Зейнолла Самашевич - т.ғ.д., профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Археология, этнология және музеология кафедрасы 2. Николаус Бороффка – Ph.D доктор, профессор. Герман	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ	

		археология институтының Бас ғылыми қызметкері (Германия).	
	Железняков Борис Анатольевич	1. Уалтаева Алтын Слямқайдаровна - т.ғ.к., профессор, Ғылым Ордасы, Ғылыми Кадрларды даярлау орталағының басшысы. 2. Килуновская Марина Евгеньевна – т.ғ.к., Материалдық мәдениет институтының бас ғылыми қызметкері (РҒА).	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау:

1) қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;

Тоқсанбаев Алмас Коргаджанович – Диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесіне байланысты елдік және отандық тарихнамада зерттелуінің негізгі кезеңдерін, сипаты мен мазмұны және тарихи көзқарастар эволюциясының бағыттары, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау және осы негізде зерттеу тақырыбының болашағын айқындау.

Бейсегулова Айнура Кыдыргалиевна – Түркия мен Өзбекстандағы қазақ диаспорасының этникалық ерекшелігін зерттеу және олардың этникалық бірегейлігін сақтау мен өзгертуге тарихи, мәдени-әлеуметтік факторлардың әсерін анықтау. Диссертациялық жұмыс тарихи отанынан тыс жерде өмір сүріп отырған қазақ диаспорасының этникалық бірегейлігін сақтауын зерттеуге арналады. Зерттеуші зерттеу жұмысында ұлттық код пен этникалық бірегейлікті диаспоралық жағдайда сақтаудың негізгі принциптерін көрсетеді.

Сабырғалиева Назгүл Бақтығалиқызы - диссертацияның мақсаты Отан тарихындағы «тұлғаландыру», «тұлға тану» бағытында маңызды рөл атқарған XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы Қазақ даласындағы дәстүрлі ислам өкілдерінің қоғамдағы қызметін өлкелік материалдары негізінде зерттеу. Тәуелсіздік алған кезден бастап халқымыздың рухани мұрасын зерделеу арқылы рухани санамыз жаңғыра түсті. Осы бағыттың маңыздылығын Қазақстан Республикасы Президенті Қ.К. Тоқаев: «Қазақ зиялыларының жаңа кезеңдегі міндеті – ұлт болмысының жаңа

қағидаттарын орнықтыру. Сондай-ақ ұлт сапасын арттыруға атсалысу. Жаңғырған қоғам жат әдеттерден біртіндеп арылуы керек», – деп айтқан еді. Соның бір басты дәлелі – ғасырлар бойы сақталған ислам құндылықтарының арқасында қазақ халқы отаршылдық тұсында өзінің ұлт ретінде болмысын, мәдениеті мен рухани құндылықтарын сақтап қалды.

Айтбаева Айгерим Есимкановна – диссертацияның мақсаты археолог ғалым А.Н. Бернштамның Қазақстан археологиясының қалыптасып дамуына қосқан үлесі, қызметі жайлы қорытынды жасау және оның ғылыми зерттеулерінің қазақ тарихының маңызды мәселелерін анықтаудағы орынын көрсету. Диссертациялық жұмыс Қазақстан археология ғылымын ұйымдастырушылардың бірі, еліміздің көптеген ескерткіштерін ашқан, есепке алған әрі алғашқы қазба жүргізген, әртүрлі күрделі тарихи-археологиялық мәселелер бойынша ой-тұжырымдар жасаған Александр Натанович Бернштамның Қазақстан археология ғылымына қосқан үлесіне арналады. Ғалымның балалық, студенттік шағы, алғашқы ғылыми ізденістері, сол кездегі саяси қыспаққа алынуы, ұстаз болып қалыптасуы және Қазақстанның қола, ерте темір, ортағасыр ескерткіштерін зерттеудегі жетістіктері баяндалады.

Ержанова Альбина Ергешбаевна - жұмыстың мақсаты трасологиялық әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып Атасу мен Талдысай микроаудандары қоныстарының ежелгі шаруашылық жүйесіндегі еңбек құралдарының рөлін зерттеу. Диссертациялық жұмыс Сарыарқа өңірінде қола дәуіріне жататын Талдысай қонысына және Атасу, Мыржық, Ақ-Мұстафа, Ақмая қоныстарына әр жылдары жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде жинақталған тас құралдардың атқарған қызметін, шаруашылық пен өндірістің қай түрінде қолданылғанын анықтауға арналды.

Железняков Борис Анатольевич - жұмыстың мақсаты VI ғ. – XIV ғ. басында Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан аумағында христиандық, манихейлік және ислам сияқты діндердің таралуы мен орын алуын сипаттайтын археологиялық ескерткіштер мен олжалардың жекелеген үдерістерін қайта жаңарту және түсіндіру, оларды дәстүрлі дүниетаныммен синкретизациялау болып табылады. Ортағасырлық қала тұрғындарының монотеизмге көшуі зерттеліп жатыр. Ұлы Жібек жолының бір бөлігіндегі мәдениет феноменінің бірегейлігін ерекше атап өтуге болады. Диссертацияда археологиялық дереккөздер негізінде Оңтүстік және Оңтүстік-шығыс Қазақстандағы орта ғасырлардағы қала тұрғындарының діндерін зерттеу мәселелері қарастырылады. Негізінен үшеуіне: ислам, христиан және манихей діндеріне ерекше назар аударылады. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу аумағында орта ғасырларда діндердің таралуына байланысты тарихи процестерді қайта құру көп жағдайда археологиялық дереккөздер бойынша жүзеге асырылады, олар соңғы жылдары «Мәдени мұра», «Рухани жаңғыру» және т.б. мемлекеттік бағдарламалар аясында айтарлықтай толықтырылды. Осылайша Оңтүстік

Қазақстан мен Жетісу халқының рухани мәдениеті туралы жаңа археологиялық деректер алынып, IX–X ғғ. қоғамдық санада монотеистік дүниетанымға көшу болды.

2) диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы;

Диссертациялық зерттеу «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының ережелеріне сәйкес келеді. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғылары және Үкімет пен басшы органдардың заңдық актілері, ҚР кәші-қон саясатының тұжырымдамасы (2000 ж. 5 қыркүйек), ҚР кәші-қон саясатының 2001-2010 жж. арналған салалық бағдарламасы (2001 ж. 29 қазан) мен 2009-2011 жылдарға арналған «Нұрлы көш» бағдарламасы және ҚР БҰҰ ДБ аясында қандастарды бейімдеу орталықтарынан алынған мәліметтер тақырыптың зерттелу аясын кеңейте түседі.

Диссертациялық ғылыми зерттеу жұмысы «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасыр білімі, гуманитарлық ғылымдардағы іргелі және қолданбалы зерттеулер)» стратегиясының ережелеріне толық сәйкес келеді.

ҚР Тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарлы баяндамасында «Ұлы Даланың ұлы есімдерін» Ұлы Даланың жеті қырының бірі деп танып, Қазақ мемлекеттілігін қалыптастырып, беріктігін сақтауда еңбек еткен тұлғаларды зерттеп, халық жадына танытуды мемлекеттік саясат деңгейіне шығарды. Қазақ мемлекетінің руханилығын танытқан тұлғалар қатарында, әрине діни тұлғалардың есімі тұрады. Диссертациялық жұмыстың құндылығы діни тұлғалардың Қазақ жерінің батыс өңіріне шоғырлануының, Қазақ жерінің батыс өңірінде далалық мешіт, далалық мектеп-медреселердің басым дамуының себептерін талдауында арта түседі.

3) диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қағидалары, тұжырымдары мен нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда жарияланған 10 мақалада көрініс тапты. Оның ішінде, ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда – 1 мақала, 4 халықаралық

конференция материалдары мен тезистері және 1 мақала шетелдік конференция материалдарында жарияланды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Тарих, археология және этнология факультетінің Археология, этнология және музеология кафедрасында орындалды. Зерттеу барысында алынған ғылыми нәтижелер жоспарлы түрде диссертация мазмұнын ашатын тақырымдарға сәйкес республикалық және шетелдік басылымдарда 14 мақала жарияланды: оның ішінде Қазақстан Республикасы БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген отандық ғылыми журналдарда 7 мақала; республикалық және халықаралық ғылыми конференцияларда 4; Скопус базасындағы журналда 1 мақала жарияланды.

Зерттеуші ғылыми жұмысы бойынша архив құжаттарына және деректерге сүйене отырып, ақпараттарды өңдеу арқылы талдап, алынған нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми басылымдарда 14 мақала түрінде жарыққа шыққан. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары ҚР БҒМ Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, Scopus халықаралық базасына енген журналда – 2 мақала, 4 халықаралық симпозиум ғылыми конференция материалдары мен тезистері, 3 халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы материалдарында және 1 мақала шетелдік ғылыми басылымында жарияланды.

Диссертациялық жұмыстың мәселелері мен негізгі қорытындылары жинақталған Қазақстан, Украина және Ресейде шыққан 12 ғылыми мақала жарық көрді. Солардың ішінде докторантурада оқу барысында жарық көрген мақалалар саны - 7. 3 мақала ҚР БҒМ Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген ұсынған басылымдарында жарияланды. «Вопросы гуннской миграции в работах А.Н. Бернштама» атты мақала Украинада өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында басылып шықты. Шетелдік ғылыми жетекші, профессор Кан Ин Укпен жазылған мақала Scopus базасына енетін «Повольжская археология» атты халықаралық журналда жарық көрді. Мақалалардың барлығы диссертация тарауларын жазу барысында қолданылды. Барлық мақалалар арнайы қосымшада келтірілді.

Диссертациялық жұмыстың мәселелері мен негізгі қорытындылары жинақталған Қазақстан, Украина және Ресейде шыққан 12 ғылыми мақала жарық көрді. Солардың ішінде докторантурада оқу барысында жарық көрген мақалалар саны - 7. 3 мақала ҚР БҒМ Білім мен ғылым саласындағы бақылау комитеті тарапынан бекітілген ұсынған басылымдарында жарияланды. «Вопросы гуннской миграции в работах А.Н. Бернштама» атты мақала Украинада өткен ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағында басылып шықты. Шетелдік ғылыми жетекші, профессор Кан Ин Укпен

жазылған мақала Scopus базасына енетін «Повольжская археология» атты халықаралық журналда жарық көрді.

Диссертациялық жұмыстың негізгі қортындылары бірлескен авторлық ғылыми 2 монографияда, кітап-альбомда, 16 ғылыми мақалада жарық көрді. Соның ішінде докторантурада оқу барысында жарық көрген мақалалар саны – 8. Scopus базасына енетін Германия мен Қазан қаласында шығатын журналдарда 2 мақала жарық көрді.

Диссертацияның негізгі ережелері мен қорытындылары диссертациялық зерттеу тақырыбы бойынша 2002 ж. бері жарияланған 55 ғылыми жарияланымдарда қамтылған. Докторантурада оқу кезеңінде дайындалған және жарияланған: Scopus журналдарында – 1, КОКСОН ұсынған – 4, монографиялар (бірлескен авторлық) – 2, конференция материалдарында – 3 мақалалары жарық көрді. Халықаралық, аймақтық және республикалық деңгейдегі 20 ғылыми конференцияда, 2003 ж. бастап «Марғұлан оқулары» халықаралық конференциясында баяндама жасалды.

5. Ресми рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).

Диссертацияның мазмұнын оқып зерделеу үшін және сыни пікір беруі үшін әрбір диссертацияға ресми түрде екі рецензент тағайындалды, олардың ғылыми дәрежелері ғылым докторы немесе ғылым кандидаты, философия (PhD) докторлары болды және докторанттың зерттеу аумағындағы ғылыми мақалалары 5 (бесеуден) аз болмауы шарт екендігі ескерілді.

Ресми рецензенттерді тағайындау кезінде диссертациялық кеңес рецензент пен докторанттың, ғылыми кеңесшілерімен бір-біріне тәуелсіз болу принципі жетекшілікке ала отырып тағайындады.

Ресми рецензенттер диссертациялық кеңеске жазбаша түрде пікірлерін көрсетті, онда диссертацияның ғылымның даму бағытына және (немесе) мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестілігі, өзектілігі, жаңашылдық принциптеріне сәйкестілігі, автордың жеке үлесі, нақтылығы, ішкі бірлігі, практикалық маңызы, академиялық адалдылығы ескерілген және философия (PhD) докторы дәрежесін алу мүмкіншілігі қортындыланған. Ресми рецензенттердің берген пікірлерінің көшірмесі докторанттарға берілді және диссертацияны қорғау күні белгіленген күнге 5 (бес) жұмыс күні қалғанға дейін университеттің интернет ресурсына ілінді.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін алуға арналған диссертациялардың кадрларды даярлау бағыты бөлінісіндегі саны:

	Мамандық шифры мен атауы			
	8D02206 Тарих	6D020300 Тарих	6D020800 Археология және этнология	8D02205 - Археология және этнология
қорғауға қабылданған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	2	-	4
қараудан алынып тасталған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
пысықтауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының)	-	-	-	-
қайта қорғауға жіберілген диссертациялар (оның ішінде басқа	-	-	-	-

